


шикізатты берудің меншікті көлемдік жылдамдығы $2-3 \text{ сағ.}^{-1}$, шикізатты берудің меншікті циркуляциясы $300-600 \text{ м}^3/\text{м}^3$ шикізатта - газдық шикізаттың сипатына және күкіртсіздендірудің жеткілікті тереңдігіне тәуелді орнатады. Отынның көмірсутек құрамы гидрокүкіртсіздендіргенде шамалы өзгереді және өнімнің цетандық саны 1-2-ге дейін өседі.



27- сурет. Каталитикалық риформингтің өнеркәсіптік қондырғысында риформинг шикізатын гидротазарту блогының сұлбасы:

1 - суаруды берудің сорғысы; 2 - жинақтаушылар; 3 - тыяйтқыштар; 4 - моноэтаноламиннен күкіртсутекті бөлу мұнарасы; 5 - рибойлерлер; 6 - жылуалмасушылар; 7 - моноэтаноламинмен циркуляцияланатын газды шаю мұнарасы; 8 – моноэтаноламин мен майлы газды шаятын абсорбер; 9 - реактор; 10 -дистилляттан көмірсутекті газдарды және көмірсутекті бөлудің тұрақтандыру мұнарасы; 11 - жоғары қысым газсепараторы; 12 - риформингтің және гидротазарту блоктарының көпкамералы түтікті қыздырғысы; 13 - компрессор; 14 - сутекқұрамды газдың ыдысы; 15 - сутекқұрамды газды циркуляциялайтын компрессор; 16 – шикізат сорғысы; I - бастапқы шикізат; II- гидротазартудың майлы газы;III - сулы конденсат;IV - циркуляцияланатын сутекқұрамды газ;V - күкіртсутек;VI - сутекқұрамды газдың артығы;VII - риформингке гидротазарған шикізат;VIII- риформингтен сутекқұрамды газ.

Екіншілікті туынды дистиллятты гидротазартуды каталитикалық крекингтің және кокстеудің газойльдерін 90%-ға тең күкіртсіздендіру тереңдігін шамасы 20-30 атм сутектің парциалды қысымында жүзеге асырады. Бірақ бұл өнімдердің цетандық саны төмен болады. Цетандық сан 45-тен асатын дизельді отынды алу үшін гидротазалаудың жағдайларын және алдымен сутектің парциалды қысымының мөлшерін өзгерту керек, сонымен қатар гидрлеу процесін күшейту қажет.